

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 қыркүйектегі N 1022 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 1155

"Кең дала" акционерлік қоғамының "Deere & Company" американдық компаниясының комбайндарын сатып алу жөніндегі инвестициялық жобасының қаржыландыру шарттарына толықтырулар мен өзгертулер енгізілуіне байланысты, бұл жобаның басым инвестициялық бағдарламалар мен 1996-1998 жылдарға халықаралық қаржы ұйымдары (ХҚҰ) мен донор-елдердің займдарын тарту есебінен қаржыландыруға ұсынылып отырған жобалардың тізбесіне енгізілгенін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясының ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу жөніндегі инвестициялық жобасын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 қыркүйектегі N 1022 қаулысына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының аты мен 1, 5, 6, 7-тармақтардағы "Мемлекеттік акционерлік компаниясы" деген сөздер "акционерлік қоғамы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы:

"400" деген сан "630" деген санмен ауыстырылсын

"114 335 400" деген сан "114 803 303" деген санмен ауыстырылсын;

"200 жүгері мен масақты дақылдар жинау комбайнын" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакциямен жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі комбайндарды беру жобасын қолданылып жүрген орта мерзімді (5 жылдан кем емес) АҚШ кредит желісіне қоссын және осы қаржыландыруға байланысты барлық міндеттемелер бойынша АҚШ Эксимбанкіне 85 процентке және ABN AMRO Bank Kazakstan LTD және Deutsche Bank AG (Нью-Йорк қаласындағы филиал) ұйымдастырушыларына 15 процентке үкіметтік кепілдеме берілсін және АҚШ Эксимбанкімен және ABN AMRO Bank Kazakstan LTD және Deutsche Bank AG (Нью-Йорк қаласындағы филиал) ұйымдастырушыларымен тиісті кредиттік келісім жасайтын болсын;

4-тармақтағы "АҚШ-тың Ситибанкімен жеке кредиттік келісім" деген сөздер "АҚШ Эксимбанкімен және ABN AMRO Bank Kazakstan LTD және Deutsche Bank AG (Нью-Йорк қаласындағы филиал) ұйымдастырушыларымен кредиттік келісім" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген сөздер

алынып тасталсын және "қажетті кепілдік" деген сөздердің алдына "кредиттің, проценттердің, комиссиясының және барлық банктік шығындардың сомаларын түгел өтеу жөнінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы тармақтармен толықтырылсын:

"8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі "АҚШ Эксимбанкімен және ABN AMRO Bank Kazakstan LTD және Deutsche Bank AG ( Нью-Йорк қаласындағы филиал) тең ұйымдастырушылармен комбайндар беруге жасалған контрактіге сәйкес 85 процент (негізгі сома) және 15 процент (аванстық төлем ) қаржыландыру үшін 114 803 303 (жүз он төрт миллион сегіз жүз үш мың үш жүз үш) АҚШ доллары сомасына кредит бөлу туралы кредиттік келісім жасасын.

9. "Кең дала" акционерлік қоғамына "Қазақстан Республикасының кепілдіктерін есепке алуды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 қарашадағы N 1300 қаулысында көзделген Қазақстан Республикасының кепілдіктерін бергені және тіркегені үшін біржолғы міндетті төлем жасауға ерекшелік ретінде, аккредитивті игере бастағанда, бірақ 1997 жылдың 10 мамырынан кешіктірмей рұқсат етілсін.

10. "Джон Дир Экспорт" компаниясы, "Кең дала" акционерлік

қоғамы" және "Сельхозмаш" акционерлік компаниясы арасында жасалған келісімде "Deere & Company" компаниясының астық жинайтын комбайндарын бірлесіп шығаруды ұйымдастыру көзделгені назарға алынсын.

8-тармақ 11-тармақ болып есептелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі